

Телеужанов С.К.  
**Әскери қылмыстық құқық  
бұзушылықтардың алдын алу**

Бұл мақалада әскери қызметшілердің арасындағы әскери тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету, әскери ортада қылмыстық құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатындағы алдын алу шараларын ұйымдастыру және осы бағыттағы іс шаралардың оның мақсаты, міндеті және алатын орны қарастырылған.

**Түйін сөздер:** қылмыс, әскери қылмыстық құқық бұзушылық, әскери жарғы, қылмыстық жауаптылық, жаза, құқық, жарғыға қарсы қатынастар, құқықтық қатынас, алдын алу шаралары.

---

Teleuzhanov S.K.  
**Prophylaxis of military criminal  
offences**

In this article the questions of military discipline, prophylaxis of criminal offences, are considered among servicemen, and also aim task and way of organization, prophylactic measure in eradication of military offences.

**Key words:** In this article the questions of order of subordination and regulation mutual relations are considered among servicemen, where exposed are concepts of responsibility and prophylaxis of criminal offence in a kind violation of regulation rules of

---

Телеужанов С.К.  
**Профилактика воинских  
уголовных правонарушений**

В данной статье рассмотрены вопросы воинской дисциплины, профилактика уголовных правонарушений среди военнослужащих, а также цели, задачи и пути организации профилактических мероприятий в искоренении воинских правонарушений.

**Ключевые слова:** преступление, воинское уголовное правонарушение, воинский устав, уголовная ответственность, наказание, право, неуставные взаимоотношения, право, правоотношение, профилактика.

**ӘСКЕРИ  
ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ  
БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ  
АЛДЫН АЛУ**

2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан-2030» Стратегиясының негізгі қорытындылар ретінде «Біз адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күшті, заманауи, қорғанысқа қабілетті әскерді, пәрменді құқық қорғау жүйесін құрдық» – деп тоқтала отырып, «Біз ең ұсақ құқық бұзушылықпен, бұзақылықпен, мәдениетсіздікпен ымыраға келмеуіміз керек, өйткені, осының өзі қоғам тыныштығын бұзады, өмірдің сапасына селкеу түсіреді. Тәртіпсіздік пен бетімен кетушілікті сезіну одан да елеулі қылмыстарға жол ашады. Ұсақ құқық бұзушылыққа төзбеу ахуалы – қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қылмыспен күреске бастайтын маңызды қадам» екендігін атап көрсете отырып басты назарға қойған [1].

Сонымен, «Әскери қызмет – бұл мемлекеттік қызметтің ерекше түрі, яғни Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекет және халық алдында өз борышын Қарулы Күштерінде орындауы. Аталған тәртіпті қатаң сақтау, әскери тәртіптің мәнін құрайды және ол қоғамның ажырамас бөлігі болып табылады. Қатаң әскери тәртіп, әскери қызметшінің құқықтарын кемсітпей, әскери ұжымдардың ұйымшылдығын қамтамасыз етеді, олардың Қарулы күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың алдында тұрған міндеттерін орындауға тұрақты дайындығына кепілдік береді.

Күрделі жауынгерлік кешендерді басқару, әрбір жауынгердің жауынгерлік дайындығын, жоғары ұйымшылдықты, мінсіз орындаушылдықты, әскери жарғыларды, командирлер мен бастықтардың бұйрықтарын және өкімдерін орындауды қатаң сақтауын талап етеді. Тіпті бірлі-жарым тәртіпсіздік, жеңіл көзқарастық қарым-қатынас белгіленген құқықтық ұйғарымдарына қайта қалпына келмейтін салдарға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Әскердегі «әскери жарғылар» құқық бұзушылықтардың алдын алуды қамтамасыз етуде, жауынгердің әскери антымен өз борышын орындауда, жауынгерлік әзірлігін, жауапкершілік сезімін қамтитын тәрбиелік маңызы өте зор деуге болады. Себебі, әскери қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес әрбір командирдің, тәрбие жұмысы бойынша оның

орынбасарының, бөлімше командирлерінің барлық ұйымдастырушылық, шаруашылық, мәдени қызметінің деңгейімен байланысты болып табылады.

Қылмыстылықпен күрес қылмыс пен қылмыстылықты туындататын себептер мен жағдайларға, қылмыс жасаған тұлғаға ықпал етуден тұрады. А.И. Долгованың көзқарасы бойынша қылмыстылықпен күресте келесі бағыттарды белгілейді. Оларға 1) қылмыстылықпен күресті жалпы ұйымдастыру; 2) қылмыстылықтың алдын алу; 3) құқық қорғау қызметін жатқызады [2, 324 б.].

Қылмыстылықтың салдарымен күресуден гөрі себебімен күресу әлдеқайда тиімді, өйткені қылмыстылықтың алдын алу құлашты, әрі ауқымы кең шаралар кешені және ол тікелей қылмыстылықты ауыздықтауға бағытталған әрекеттер жиынтығы деп есептейді өз еңбегінде А. Жұмағали [3, 71-73 б.].

Жалпы профилактика қылмыстылықтың алдын алу мақсатында қылмыстылықтың себептерін, жағдайларын анықтауға бағытталған және оларды жою үшін шараларды өңдеу мен қолдауға бағытталған қызмет деп айтамыз.

Қылмыстардың алдын алу ұғымының астында мемлекеттік органдармен және жұртшылықпен оны жою мақсатында бірқатар іс-шаралар кешенін өткізетін, сондай-ақ қылмыстарға жол беретін жағдайларды анықтау, оның болу жағдайларын тауып алдын алу және себептерін жою болып табылады деп атап көрсеткен Е.О.Алауханов [4, 154 б.].

Осы мақсатқа бағытталған тікелей шараларды жауынгерлерге түсіндіру арнайы немесе ерекше құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары деп атауға болады.

Құқық бұзушылықтарды жоюға арналған арнайы шаралардың арасында, заңдарды тікелей түсіндіру көрсетіледі. Бұл істе жауынгерлерді тәрбиелік жолмен мәжбүрлеп оқыту шараларын қолдану маңызды іс-әрекетке ие. Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу және ескертудің маңызды бір құралдарына:

- жеке құрамға құқықтық тәрбие;
- қоғамдық ықпал ету шараларын қолдану;
- әскери қылмыстарды алдын алу және

болдырмау шараларын жүзеге асыратын әскери полиция органдарының іс шаралары.

Атапайтқанда, әскери полиция органдарының алдында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында құқық тәртібін қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының заңдарында

белгіленген құзыреттер шегінде қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың профилактикасы, олардың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу; Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзырет шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау; қылмыстар және құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін мән-жайларды анықтау; Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік заңнамасына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісін жүргізу; анықтау, тергеу органдарынан және соттан жасырынып жүрген, сондай-ақ әскери бөлімдер орналасқан жерді өз бетімен тастап кеткен әскери қызметшілерді іздестіру; Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары, Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары көлік құралдарының жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету; заңнамада көзделген жағдайларда әскери қызметшілерді гауптвахтаға жабу арқылы ұстауды орындау, сондай-ақ әкімшілік қамауға алу түріндегі әкімшілік жазаны орындау сияқты міндеттер жүктелген [5].

Жауынгерлердің заңдарды, жарғыларды қалай құрметтейтіндігі, оларды қаншалықты бұзбай орындаулары, армияда әскери құқықтық тәртіптің нығайту қажеттілігін терең түсінулері Қарулы Күштердің алдына қойған мақсаттарының бірі ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 22 маусымдағы № 1273 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс органдары туралы ережеге сәйкес «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс органдарын ұйымдастыру принциптерін, қызмет тәртібін және олардың құқығы мен міндеттерін анықтайды және де бұл Ереже Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскерлеріндегі және басқа да әскери құрамалардағы тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс органдарының қызметіне қолданылады» – деп көрсетілген [6].

Яғни, құқықтық тәрбие әскери қызметтік қарым-қатынастың өзін-өзі жетілдірумен байланысты жауынгердің жан-жақты және гармониялық дамуына жағдайлардың жасалуы десек болады.

Дегенмен құқықтық насихаттау жаппай жүргізіліп жатқанымен көбінесе оның кәсіби деңгейі қойылған талаптарға сай жүргізілмейді. Бұндай жағдай осы саладағы тиянақсыздықпен

сипатталады: құқықтық жұмыстар барлық жерде бірдей жүргізілмейді, яғни әлі де бұл саланы жоғары деңгейге жеткізу қажеттілігі туындап отыр.

Әскери қызметшілерді құқықтық тәрбиелеудің негізгі міндеттері ол, жауынгерлердің ойына әскери құқықтық тәртіптің мақсатты екендігі, оның қажеттілігі, әділеттілікті орнату үшін заңдылықты қатаң сақтауға, әскери жарғыларды орындауға, құқықтық нормаларда бекітілген тәртіптерді нығайтуға және дамытуға міндетті екендігін ұғындыру қажет.

Әскери ортада құқықтық тәрбиені орнату өзіндік ерекшелікке ие, атап айтқанда:

1. Жеке құрамда жоғары құқықтық сананы қалыптастыру және құқықтық нормаларға қадірлі қарым-қатынаспен қарауы тиіс.

2. Жауынгерлердің санасында заңның талаптарын қатаң сақтауға, әскери жарғыларды, әскери антты, бастықтардың бұйрықтарын орындауды әдетке, дағдыға, сондай-ақ әр қайсысының жеке арына, борышына айналуы қажет.

3. Әрбір жауынгердің ойында өз еркімен құқықтық нормаларды орындауы және оларды орындамаған жағдайда тәрбиелік іс шаралар арқылы оны орындауға міндеттеу болып табылады.

Сондықтан, құқықты насихаттаудың тиімділігі оның формасы мен құралдарына байланысты, дәлірек айтсақ белгіленген уақыт аралығында жүзеге асыруға қажетті жұмыстарды бөлімшелер немесе нақты әскери бөлім алдын ала жоспарланған мақсаттарға байланысты жүргізу қажет деп есептеймін. Сол себепті мұндай жұмыстар әрқайсысының қызметіне қарай әр түрлі жүзеге асырылуы қажет, дәлірек айтқанда енді ғана әскери борышын өтеуге келгендерге, қатардағы жауынгерлік құрамға және де борышын өтеп болып сержант ретінде өз қызметін өтеушілерге байланысты. Құқықтық насихаттау нақты тақырыптарға сай жүргізілуі тиіс және осы немесе басқа әскери міндетті әскери қызметшілердің қойылған талаптарды орындауымен де байланысты. Әскерде жүргізіліп жатқан әр түрлі пайдалы қоғамдық жұмыстардың барлығы, құқық бұзушылықты жанама немесе тікелей алдын алуға өз септігін тигізеді. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде құқықтық тақырыптарда құқықты насихаттаудың ең көп тараған түрлерінің бірі баяндамалар, топтық және жеке дидактасу болып саналады. Алдын ала жақсы дайындықпен дидактасуды қызықты өткізу тыңдаушыларды тақырыпты терең ұғынуға көмектеседі. Заң-

дарды, әскери жарғыларды насихаттауды жоғары деңгейде баяндау үшін ауқымды еңбекті қажет етеді. Бұл мақсатқа тек осы істі жүзеге асыру үшін өзінің жеке іскерлігін пайдалана отырып сол әскери заңгер немесе командир-тәрбиелеуші жете алады. Әр түрлі жеке құрам арасында дәрістік-бейнефильмдерді ұйымдастырып өткізу арқылы және қолбасшылық өкілдерінің қатысуымен, заңгер, дәрігерлер, әскери қолбасшылықтардың, әскери прокуратура органдары мен әскери полиция қызметкерлерінің мадақтау қағаздарына немесе медальдерге ие жауынгерлердің қатысуымен ұйымдастырылған кештер жауынгердің құқықтық санасында терең із қалдырады және оң көзқарастарын қалыптастырады. Бұл кештер бейнефильмдер, статистикалық мәліметтер бейнеленген компьютерлік көрсетілімдер арқылы жүргізіледі.

Сонымен қатар заңдарды түсіндірудің қолжетімді түрі құқықтық тақырыптарға арналған сұрақ және жауап кештерін ұйымдастыру және бұндай кештердің әр түрлі құқық қорғау қызметкерлерінің қатысуымен өткізілу өз тиімділігін арта түсіретіндігіне де көз жеткен тәрізді. Сонымен қатар мұндай іс шараларды бірқатар судьялар мен прокурорлар қылмыстық немесе азаматтық істерді қарағаннан соң әскери басшылықтармен ізін суытпай жеке құраммен бірге сот процестерінің материалдары негізінде сұрақ-жауап кештерінің, сондай-ақ әскери қолбасшылығының әскери қызметшілер мен әскери заңгерлер арасында еркін құқықтық тақырыптарда дөңгелек үстел кештерінің ұйымдастырылып тұруы, басқа тұлғалардың заңды бұзу фактілерінің ашылуларын мысалға келтіру арқылы жауынгерлердің құқық бұзушылық жасаудан тартындырады және де көптеген өмірлік маңызды сұрақтарға жауап беру арқылы әскери қызметшілердің құқық бұзушылық жасамауларының алдын алудың бірден бір себептері болып саналады.

Ал жауынгерлер өз кезегінде, әскери тәртіпті нығайтуға бағытталған көптеген пайдалы ұсыныстарды енгізеді. Құқық бұзушылық тақырыбындағы білімді екіжақты байыту жүргізіліп, әскери қызметшілердің құқықтық білімдері ұлғаяды, әскери қолбасшылықпен әскери заңгерлер жауынгердің сұрақтарына жауап беру барысында олардың мұқтаждықтарымен тереңірек танысып, ал қажетті жағдайларда анықталған жағдайларға байланысты алдын алу шаралары қабылданады. Бірақ, өкінішке орай, мұндай сұрақ-жауап кештері барлық бөлімдерде

тәжірибеленбейді, сонымен қатар ондай жұмыстар ұйымдастырылған күнде де формалды өткізілуі бізді алаңдатады.

Әскери қызметшілер арасында насихаттау радио-хабарламалар арқылы өткізу де үлкен сұранысқа ие, атап айтқанда «Әскери әндер», «әр бір жауынгерге құқықтық білім», «заңмен танысындар» және т.б. Ішкі радио жүйесі командирдің тікелей қатысуымен, бақылауымен және оның тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әскери заңгерлер, «құқықтық кеңес» мүшелерінің қатысуымен ұйымдастырылып өткізіледі. Аталған радио жүйеде жауынгер аталған заңдылықтың орындалуын, әскери тәртіпті қалай нығайту керектігін, ұжым немесе тікелей өзі құқықбұзушылықтың алдын алуда қандай іс шаралар жүргізіліп жатқандығын айта алады. Сонымен қатар әскер саласында құқықты насихаттау баспа арқылы да жүргізіледі. Тәжірибеге сүйенсек мұндай насихаттау өз жемістерін дұрыс, үзіліссіз, ілгерілікпен жүргізгенде ғана өзінің оңдылығын көрсетуде. Сонымен қатар жауынгерлер қабырға газеттерінде қатардағы жауынгерлердің жетістіктерін, олардың қызмет барысындағы тәжірибелерін, әскери тәртіпті бұзушыларға күлкілі мысал келтіру, құқықтық тәртіпті, құқық бұзушылық нормаларын насихаттайтын мәліметтерді жариялаулары кеңінен қолданылып өз жетістіктеріне ие болуда. Бірақ өкінішке орай бұл құқықтық тәрбиелеудің түріне аса назар бөлінбеуінде.

Әскери ұжым жалпы әскерлер ішіндегі тамаша мектептің бір түрі болып табылады: бірігіп жүргізілген жұмыстардың негізінде әскери өмірдің қиындықтарын жеңіл өткеру, техникаларды меңгеру, жас жауынгерлерді әскери дайындықтардың талаптарына тезірек үйретуге үлкен септігін тигізеді. Әсіресе әскери ұжым әскери борышын өтеуге келген жауынгердің басты кезеңінде көп әсер етеді. Бұл кезде тұлға ұжымның оң және кері жақтарын байқайды. Әскери міндет пен қызметті бірге өтеу кезінде бір біріне бауыр басып, артынан бұл достыққа айналады. Ал бұл қасиет өз кезеңінде әскери тәртіпті әрі қарай нығайтуда және дамытуда қолданылатын үлкен күш.

Заңдылықты орнату кезінде командирдің де үлесі үлкен деп тоқталған болатынбыз. Атап

айтқанда командир өз жұмысындағы жемісі, егер ол өзінің әскери ұжымына сенімділікпен арқа сүйегенде ғана қол жеткізе алады. Яғни алдын ала дайындалған әскери ұжым ғана ғажайып істер істей алады және заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуда үлкен жетістіктерге қол жеткізеді. Ұжымдағы нақты жағдайларды білмейінше, ол кез келген сұрақтардың шешімі мен жауабын таба алмайды. Ол ұжымдағы барлық болып жатқан жағдайларды біліп қана қоймай, ол жеке ұжымды да осыған үйретуі керек, сонда ғана оның ұжымы құқықбұзушылықпен күресуді жүзеге асыра алатын ортаға айналады. Мұндағы істің қиындығы сол, командир бұл жұмыстарды әскери міндетін өтеп жатқан жауынгерлерге де үйретіп үлгеруі керек, яғни ол борышын өтеуге келіп кетіп қалады да оның орнын басқалары басады.

Заңдылықты сақтауға үйрету кезіндегі тәрбиелік жұмыстардың да үлкен маңыздылық пен рөлге ие екендігін естен шығармауымыз қажет. Өсіп келе жатқан жастардың саналылығы – үлкен мемлекеттік саяси мәнге ие. Яғни Отанның тағдыры жастардың қалайша тәрбиеленгендігіне де тікелей байланысты. Ал тәрбиелік жұмыстар әр біреуін ақылдылыққа, күшті дене дайындығына және техникалық ілімді дұрыс меңгергеніне байланысты.

Жоғарыдағыларды қорытындылай келе, әскери қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алудағы негізгі жұмыстардың бірі, менің ойымша адамды уақытында тоқтата білу, оның қатесін тереңдетпеу, бақылауға алу, оған талап қою мен көңіл бөлу сияқты барлық шараларды қолдану қажет деп есептеймін.

Сонымен қатар менің ойымша командир мен тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, жалпы әскери ұжым әрбір әскери қызметшіге ынтамен қарап, болып жатқан қаталдылық, жүрексіздік, бір-бірінің арасындағы қарым-қатынас кезінде бірін-бірі қорлауға, ұрып соғуға жол бергізбеулері тиіс. Әсіресе, енді ғана әскери борышын өтеуге келген жауынгерге қамқорлықпен қарау керек. Тек соның іс-әрекетіне шыдамдылықпен қарап, көбінде тәрбиелік мәні бар іс-әрекеттерді қолдану кезінде ғана құқық бұзушылықта азайтуға өз үлесімізді қосамыз деп есептеймін.

### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. 2012 жыл 14 желтоқсан
- 2 Криминология / под ред. А.И. Долговой. – М., 1997. – С. 324.
- 3 Жұмағали А. Криминология: оқулық. – Алматы: «Нур-пресс», 2005. – 90 б.
- 4 Алауханов Е.О. Криминология. – Астана, 2009. – 154 с.
- 5 Қазақстан Республикасының «Әскери полиция органдары» туралы заңы. 21 ақпан 2005 жыл.
- 6 Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 22 маусымдағы № 1273 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс органдары туралы Ереже».

### References

- 1 Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti N.Ә.Nazarbaevtyñ Kazakstan halkyna Zholdauy «Kazakstan-2050» Strategijasy kalyptaskan memlekettin zhana sajası baғыty. 2012 zhyl 14 zheltoksan
- 2 Kriminologija / pod red. A.I. Dolgovej. – M., 1997. – S. 324.
- 3 Zhumaғali A. Kriminologija. Okulyk. – Almaty: «Nur-press», 2005. – 90 b.
- 4 Alauhanov E.O. Kriminologija. – Astana, 2009. – 154 s.
- 5 Kazakstan Respublikasynyn «Әskeri policija organdary» turaly zany. 21 aқpan 2005 zhyl.
- 6 Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 1993 zhylgy 22 mausymdaғы № 1273 kaulysymen bekitilgen « Kazakstan Respublikasy Karuly Kushterindegi tәrbie zhәne әleumettik-hukykyk zhumys organdary turaly Erezhe».